

Жақсылық жасау әр адамның қолында

Әр пенденің керемет көзге көрінер қасиетті-жақсылық жасау. Ол адам сырт көзге сыпайы,мейрімді әрі өте керемет болып көрінеді онысы рас. Біреулер құмарлықпен,мастықпен өмірдің өлшеулі ғана уақыттын қызықты әрі пайдасыз өткізуде,біз бұл тараптың адамдары болмауымыз керек. Өз ойымды ашық айтайын күнделікті тіршілікте,қоғамда,адамдар арасында жақсылық жасауға тырысамын. Осы тұрғыда ойыма бір оқиға келіп тұр:

Күндердің бір күнінде кедей отбасы болған екен,әйелі жүн иіріп,ал күйеуі базарға апарып сатумен айналысады. Бір күні жіптерін сатып ,үйіне азық-түлік әкелер жолда,бір кісіні біреу ұрып жатқанын көреді. Жанына дереу барып арашалап ,себебін сұрайды сонда ұрған адам әлгі кісінің қарыз екенін айтады. Жомарт әлгі жіп сатушы:Қарызын мен төлейін қалтамдағы бар ақшамды ал деп,бір күндік табысын қолына ұстатады. Әлгі кісі бұл ақша аз ,бірвқ мейлі деп жөніне кетеді. Жақсылық жасаған әлгі кедей үйіне барып бар жағдайды жұбайына түсіндіреді. Әйелі,мейлі бір қайыры болар деп ертенгі күннің жібін иіреді. Ертеңіне тағы базарға шығып,жұмысын атқарады бірақ бұл күні ешқандай жібі өтпейді екен. Кеш батта үйіне келер жолда балық сатып тұрған кісіні көреді екеуінінде саудасы өтпегендіктен келісіммен ауыстырып алады.

Кедей үйіне келіп бүгін ақша таппадым,есесіне қарын тойдыратын балық әкелдім. Балықтарды пісірші жеп алайық дейді. Әйелі балықты тазалап жатқан кезде ішінен алтын шығады,отбасымен қуанышқа оранған сәт осы кез болатын,бір кезде әлгі балықшы келіп,әйелім разы болмады.

Міне жіптерді алда балықты қайтар дейді. Кедей жігіт балықты жеп қойғанның бірақ ішінен алтын шыққанын соны қайтарып беретінін айтады. Сонда балықшы балықты алмай былай дейді:Мен Хазырмын(алейхиссалам). Қарызының себебінен таяқ жеген кедейге жасаған жақсылыған үшін Аллаһу та"ала сені сынады. Кедейлік сынағынан да ,байлық сынағынан да өттің. Алтындар сенікі дейді. Міне бұдан шығар түйін әрқашан жақсылық жасауымыз біздің өзімізге екі есе артығымен келеді. Не ексен соны аласын дегендей бір жақсылық жасағанымыз мың жақсылық жасағандай болып келетінін ұмытпайық.